

Қажымұрат Нәсиев

Қуғын- сүргіннің азалы тарихы



Астана 2018 жыл.



Нәсиев Қажымұрат

Саяси қуғын-сүргін құрбандары жадымызда

Елім, жерім, халқым, Атамекенім! Бірлігіміз бен ынтымағымыз құрыштай берік еді ғой. Бір үзім талшық қылар нан таба алмай, аш-жалаңаш, басымыз ауған жаққа қайда кетіп барамыз? Қара шаңырағым шайқалып, жерімізден қуылып қайдан, кімнен пана іздейміз? Болашағым не болады, ұрпағымның күні не болады? Не жаздым бұл өмірге? «Ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен» ата-бабаларымның қаны төгіліп, қорғаған жері еді ғой! О, Жаратқан ием, Тәңірім қолдай көр, зарлатпа халқымды!



Дәл осындай зарлы үн ХХ ғасырдың басында қазақтың жерін жайлап еді. Қайран, қазақ елі... Бүгінгі ұрпаққа айта алмаған, жеткізе алмаған, жан дүниенді дір еткізетін сырға, мұңға толы тарихи парақтары қаншама әлі. Оған куә мына жатқан кең дала, заңғар таулар, өзен-көлдер, құм-шөлдер, тарихи ескерткіштер, мазарлар, қираған ежелгі қалалардың орны. Біз бүгін басып жүрген топыраққа

ғасырлар бойы ата-бабамыздың қаны тамып келген.



Иә, қазақ халқы бұл дүниеде не көрмеді? Сонау «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» заманынан бастап, ашаршылық (голодомор)

«репрессия» жылдарына дейінгі

аралықта халқымыздың осынау кең жаһан далада жойылып кету қаупі тұрған еді.

Қазақстандағы тұңғыш репрессия сол кезеңдегі «күн көсем» Сталиннің қазақ жеріне жіберген шабарманы, 1925 жылы Қазақстан өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы болып келген Ф.И. Голощекин есімімен тікелей байланыста болды. Ф.И. Голощекин қызметіне кіріскеннен кейін В. Сталинге былай деп хат жолдаған: «Я утверждаю, чтобы казахском ауле

нужно пройти с «Маленьким Октябрем» экономические условия в ауле надо изменить, если это гражданская война, мы за нее.. Надо идти на жертвы, не боясь крови». Оның бұл ұсынысын Кремльдегі аға жендет мақұлдайды. Ол **«Қазақ жерінде феодализм құрлысы ғана болды, басқа елдердің жүріп өткен капиталистік қоғамына соқпастан социализмге бірден өту»** деген сандырақ идеясын жүзеге асыру мақсатында, яғни **«Кіші Қазан революциясын қайтадан жүргізу керек»** деп шешім қабылдап, репрессиялық қатаң шараларды бастап кетті. Қазақстанды әлеуметтік сынақ жасаудың алып полигонына айналдырды. Күштеп ұжымдастыру басталды, бай - кедей деп қазақ халқын бір - біріне қарсы қойып, мыңдаған адамдар жер аударылып, мал - мүлікі тартылып алынды. Сөйтіп, жаппай аштықтың алғышарты жасалынады. Ал бұл нағыз қанқұйлы жымысқы шовонистік саясат қазақ халқының тілі мен тарихын жоюға, саяси тәуелсіздігін болдырмай шынайы егемендігінен айыруға әкелді. Экономикалық тұрғыдан Қазақстанды тек шикізат базасы ретінде дамыту көзделді, қазақ халқын отырықшылыққа бірден шұғыл күштеп көшіре отыра, еш дайындықсыз ұжымдастыруды бастап кетті, халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан шаруашылық жүргізу әдісінің тас-талқаны шықты. Әрине, отырықшылыққа көшу мен ұжымдастыру дайындықпен жасалса ол өз алында бір әңгіме, бірақ бұл жұмыстар дайындықсыз, күштеп зорлау арқылы жүргізілгендіктен, қазақ халқына орасан орны толмас алапат пен зиян келтірді.

Ең басты қасірет, қазақ ұлтын бірте - бірте ассимиляциялау арқылы оны ұлттық жадынан, ұлттық тілінен айыру болды.

1925-28 жылдары Алаш қозғалысына қатысқан зиялылар жаппай тұтқындала бастады. Оларға «буржуазияшыл-ұлтшылдар» деген жалған айып тағылды. 1928 жылы жылы 44 алашордашы тұтқындалды, оның ішінде Ж. Аймауытов, Ә.Байділдин, Д.Әділев ату жазасына кесіліп, үкім орындалады. Ал қалғандары түрмеге қамалады. Ұлттық зиялылардың екінші тобы 1930 жылдың қыркүйек- қазан айларында тұтқындалып, оның 15-і Орталық Ресейге жер аударылады.

И. В. Сталин мен оны жақтаушылардың 1937 жылы **«Халық жаулары және олардың құйыршықтарын түп-тамырымен жоюдың»** қажеттігі жөніндегі нұсқауы шықты. Осы жағдайдан кейін жаппай қуғын - сүргін кеңінен, қатаң шаралармен жүргізіле бастады. Жалған халық жауларымен күрес концлагерьлердің құрылуына әкелді (**Қарлаг, Степлаг, АЛЖИР**). Көптеген аудандар тікен сымдармен қоршалып, ол сақадай сай қаруланған әскермен күзетілді.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын жаппай ақтау Сталин қайтыс болғаннан кейін 1953 жылдан бастап қана жүргізіле бастады

Қазақстандағы лагерьлер жүйесі

Степлаг-Далалық лагерь

Қарлаг-ерекше режимді Қарағанды еңбекпен түзеу лагері .

ЧСИР-Отанға опасыздық жасағандар әйелдерінің Ақмола лагері.

Алжир-Отанға опасыздық жасағандар әйелдерінің Ақмола лагері.

ГУЛАГ-Лагерлер Бас Басқармасы.

Үштіктер-үш адамнан құралған комиссия

БМСБ-Біріккен мемлекеттік саяси басқарма

Кеңес мемлекетінің жүргізген қуғындау, жазалау саясаты асқан қаталдық, шектен шыққан зұлымдық тәсілмен жүргізілгендігі біртіндеп болсын дәлелдене бастады. 1950 - жылдардың ортасына қарай лагерьлерде қамалған жазықсыз адамдарға қатысты үкімдерді қайта қарау мен оларды жою жөніндегі процесс басталды. Қаза тапқандар мен атылғандар ақталып, түрмедегі еріксіздер бостандыққа шығарылды. Кейінірек атылған адамдарды жаппай жерлеген жерлер анықтала бастады. Сондай орындардың бірі Алматы түбіндегі **Жаңалық ауылының** жанынан кездейсоқ табылды. Мұнда 1937-38 жылдары атылған белгілі жазушылар мен ақындар – **М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин, көрнекті ғалымдар - А. Байтұрсынов, С.Асфендияров** сияқты т.б. мемлекет қоғам қайраткерлері, шаруашылық басшылары мен өндіріс озаттары - тоталитарлық тәртіптің мыңдаған құрбандары құпия жағдайда жерленді.

Кеңес үкіметі тұсында Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарының жалпы саны, ғалымдардың есептері бойынша **3,5 млн адамды құрады**. Алайда, бұл сан да нақты емес, өйткені 20-40-жылдары тұтқындалған мыңдаған адамдардың тағдыры әлі күнге дейін белгісіз болып отыр.

Тек 1930 жылдары Кеңес Одағының құрамында болған Қазақстанда **103 мың адам қуғын-сүргінге ұшыраған және 25 мың адам ату жазасына кесілген**. Осы жылдары ең алдымен, зиялы қауымға ауыз салады. Солардың ішінде қазақстандық **Ә.Бөкейханов, Ж.Ақбаев, Ә.Ермеков** т.б. болды.



Жалпы 1930-1953 жылдары аралығында 40 миллионнан астам кеңес азаматтары репрессияға ұшырады деген деректер бар. Әсіресе, бұл заңсыз жазалауға Кеңес Одағы құрамында болған барлық халықтар мен ұлттардың бетке ұстар интелегенция өкілдері ұшыраған. Осы кезеңде қазақтардың 40 пайызы қаза тапқан. Ал Қазақстан аумағында орналасқан лагерлерге корейлер, поляктар, Еділ немістері, Қырым татарлары, Кавказ халықтары және басқа да ұлт өкілдері қоныс аударылып келген.

Қаншама зобалаң жылдарды бастан кешкен қазағымның әрқайсысының айтқан зары, кешкен мұңы, жүріп өткен тар жолдары – бәрі-бәрі бүгінгі ұрпақтың жүрегінде, мәңгі есінде.

Тәуелсіздік алғаннан кейін 1993 жылы сәуірдің 14-інде **«Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданады.**

Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау, заңсыз қудаланған азаматтардың құқығын қалпына келтіру жұмыстары қанша уақыт өтсе де тоқталмауы тиіс. Осы мақсаттарда елімізде саяси – қуғын сүргін құрбандарын еске түсіру, оларға ескерткіш орнату жұмыстары кеңінен жүргізілді.

Тәуелсіздік жылдары күнәсіз жазғырылған 146,5 мың отандасымыздың есімдері жазылған 14 «Аза кітабы» жарыққа шықты. Заңнамаға сәйкес, заңсыз қуғын-сүргінге ұшыраған 340 мыңнан астам азамат ақталды.

1997 жылы ҚР Президентінің Жарлығы шығып, соған сәйкес 31 мамыр Саяси қуғын-сүргін құрбандары күні болып жарияланды, ал ҚР үкіметіне жыл сайын 31 мамырда саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған іс-шаралар әзірлеп өткізу тапсырылған. Бұл күні бүкіл ел саяси қуғын-сүргін құрбандары болған біздің отандастарымызды еске алады.

2007 жылы 31 мамырда Астана қаласына таяу жерде орналасқан Ақмол кентінде бұрынғы «АЛЖИР» деп аталған әйелдер лагері орналасқан жерде, саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіш мемориал ашылды. Осы мемориал ескерткіш аллеясында, лагерьдің аты жазылған тақтайшадағы «отанын сатқандар» деген сөз тырнақшаға алынған. Жыл сайын 31 мамыр күні «АЛЖИР» ескерткішіне тағызым етуге Астана қаласы ғана емес республика мен шет елдерден делегациялар келіп, саяси - қуғын сүргінге ұшыраған құрбандардың рухына бас иеді.

Тарихи мемориал - мұражай кешенінің ашылу салтанатында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Біздің мемлекет үшін бұл күн ерекше мәнге ие, тарих бойынша 70 жыл бұрын Республикамыз миллиондаған кеңестік азаматтардың депортацияланатын және жер аударылатын орны болды» - деген еді.



АЛЖИР (Акмолинский лагерь жен изменников Родины) аталу себебі КСРО НКВД «ЧСИР» (отанын сатқандардың отбасы мүшесі) туралы шұғыл жарлықтың шығуымен байланысты. Ол 1938 жылдың басында (6 қаңтарда) Малиновка селосының аумағында (жергілікті атауы – Төңкеріс, Ақмоланың маңында) әйелдерге арналған лагерь Қарлагтың 26-бөлімшесі ретінде ашылды. 1939 жылдың 29 желтоқсанынан бастап ол ресми түрде Карлаг құрамындағы Еңбекпен түзеу лагері болып есептелді. Лагерь аумағындағы көлдің қамысы қыста барактарды жылыту үшін отын, жазда құрылыс материалы ретінде қолданылды.

Алжир ерекше жағдайдағы лагерь болды: күшейтілген күзет, қатаң тәртіп пен жоғары тұрған ұйымдардың бұйрығын сөзсіз орындау. 4 жастан асқан балалар анасынан ажыратылып, балалар үйіне жіберілді. Лагерь 30 мың гектар жерді иеленді. Оның 10 мыңнан аса гектарын егістік жерлер құрады. *АЛЖИР* егінді нарядтар бойынша жинап, сұрыпталған астықты Ақмолаға жөнелтіп отырды, сол жерде астықты Қарлаг шаруашылықтар мен ұжымшарларға бөліп-үлестірді, ал астық орнына мал азығын алды. Лагерді

ұстау үшін қажет азық-түліктің барлығын тұтқындардың өздері дайындады, дәнді дақылдар мен көкөніс өсіріп, нан пісірді. Тұтқын әйелдерді қарауылдар қыста отқа жағатын қамыс жинауға апаратын. Қамыс өңірдегі сансыз көп көлдердің жағалауларында өсетін.

Тұтқын әйелдерге мерзімін өтеудің алғашқы бір жарым жылында «ерекше лагерьлер бөлімшесі» болғандықтан хат алысуға, сәлемдеме алуға, өз мамандығы бойынша жұмыс істеуге қосымша шектеулер қойылды. Ұлы Отан соғысы жылдары АЛЖИР-де 8 мыңнан астам әйел қамауда отырды. Олардың ішінде маршал М.Н.Тухачевскийдің қарындасы, А.С.Енукидзенің қызы мен әйелі, Б.Майлин, Т.Рысқұлов, С.Қожанов, Т.Жүргенов, Н.Нұрмақов, С.Асфендияровтың әйелдері және көптеген басқа әйелдер болды. 1950 жылдардың басында лагерь жабылды.



Карлаг -Қарағанды еңбекпен түзеу лагері - ГУЛАГ архипелагы құрамындағы ең ірі азап аралы. Ол кезінде Қазақстанның орталығында солтүстігі мен оңтүстігіне шейін 300 шақырым, шығысынан батысына шейін 200 шақырым ұлан-ғайыр жерді алып жатқан. Ал сыртқарғы Ақмола және Балқаш бөлімшелерін қосып есептегенде, Карлагтың ауқымы Францияның жер көлемімен теңеседі. Қарағанды лагері ауқымына, құрылымдық жүйесінің күрделілігіне және Мәскеуге ғана тікелей бағынған әлеуетіне қарай «мемлекет ішіндегі мемлекет», ал азаптау құралының күштілігі жағынан «Даладағы тамұк» деген атқа ие болған.

Тарих ғылымының докторы Дүйсетай Шаймұханов сталиндік саяси қуғын-сүргіннің адам айтқысыз аюандықпен жүргізілген азалы тарихын былайша суреттейді: «Қарагандинский лагерь сол 1931 жылдан бастап **1956 жылға дейін** Карлаг болып келді. **1956 жылдан бастап лагерьлер қалды, бірақ, Карлаг деп аталмайтын болды.** Ең алғашқы 1932 жылдың басында 22 мың адам болды мұнда. 22 мың адамның 87 проценті қазақтар болды. Кейін Карлагтың тұтқындарының саны өсе бастады. 1931-1956 жылдар арасында Карлагта 1,5 миллион адам болып кетті. Мен өзім көп жерді аралаған адаммын. Бухенвальдті көрдім, Освенцимді көрдім. Бұлардың тәртібі осы Карлагтың тәртібімен бірдей болды ғой. Мысалы, қой бағып

жүрген әйелдерге қасқыр шапқандағы, бір екі-үш қойды жарып кеткен. Сол үшін лагердегі бүкіл әйелдерді жинап әкеп, жаңағы әйелдерді солардың көзінше атып тастаған. Мінеки, бір қой үшін, екі қой үшін. Освенцимдегі, Бухенвальдтағы озбырлықтардың бір түрі деген сөз бұл».

Қарағандыдан 40 шақырым Спасск деген жерде бауырластар қорымы бар. Онда негізінен соғыс тұтқындары жерленген. 1941 жылы Карлагта соғыс тұтқындарының арнаулы лагері ашылып, көптеген ұлттардың 40 мыңға жуық өкілдері әкелінген. Толық емес деректерге қарағанда, олардың 7 мыңы лагерьде көз жұмған.



Қарағанды облысы Жезқазған қаласында орналасқан ГУЛАГ жүйесінің лагері *Степлаг (Далалық лагерь)* деп аталды. Алғашқы тұтқындар легі 1940 жылдың көктемінде өздері салған Қарағанды – Балқаш теміржолы арқылы әкелінді. Бұл лагерьде соғыс жылдары және соғыстан кейін тұтқындардың жаңа категориясы пайда болды: бұрынғы әскери тұтқындар, басқыншыларға көмектескендер, жер аударылған халықтар, тұтқын немістер мен қылмыскерлер үшін ерекше лагерьлер құрылды. Қорғасын, Кеңгір бөлімшелері Далалық лагерьдің орталығына айналды. Лагерь тұтқындары ірі халықшаруашылық объектілері құрылысында ауыр дене еңбегін атқарды, жұмыс күнінің ұзақтығы 10 сағатқа созылды, емдеу-сауықтыру шаралары мүлдем болмады. Карлагтың 17 бөлімшесі тікен сым темірлермен қоршалып, биік мұнаралы күзет орнатылды.

Соғыс жылдары жаңа шахталар салу мен кен өндіруді ұлғайтуға көп көңіл бөлінді. Соғыстан кейін лагерь тұтқындары кен байыту фабрикасы, ЖЭС, Жезқазған қаласының жанында Кеңгір су қоймасының плотинасын салды. Түсті металлургия министрлігіне қарайтын Жезқазған мыс комбинатында қызмет етті. Тұтқындар еңбегі көмір шахталары мен марганец кен орындарын игеруде пайдаланылды. Лагерьдің өз меншігінде: тас карьерлері, кірпіш зауыты, құрылыстар мен бірқатар өндірістік және

ауылшаруашылық объектілері болды. Степлагтың Кеңгірдегі 3-бөлімшесінде 1954 жылдың мамыр айында тұтқындар көтеріліс жасады. Басқа ерекше лагерьдегілер сияқты Далалық лагерьде Сталиннің өлімінен кейін өзгеріс болады деп күтілді. Алайда рақымшылық жайлы жарлық ерекше лагерьлер жүйесіне қатыссыз болды. 1954 жылы 25 мамырда 3-бөлімше адамдары – 4 мың жұмыскер жұмысқа шығудан бас тартты. Бүлік бір айға созылды, тұтқындар қарсылығы 26 маусымда лагерь зонасына әскер және танк енгізу арқылы әзер басылды.

1956 жылы Степлаг жойылды, бірақ оның тұтқындары еріксіз қоныстарда тұрып, милиция бөліміне уақтылы көрініп тұруға тиіс болды.

Қазақстандағы сталиндік лагерьлер тарихы – бұл адамдар тағдырының тәлкекке түсуі, жақындарынан айрылу, денсаулықты жоғалту, ақталмаған үміттер. Бұл ата-анасыз қалған жетім балалар елінің тарихы. Ол қаншама ашылмаған жаңалықтар мен жазылмаған кітаптар тарихы.



Есімдері мәңгі сақталады

Кеңес заманындағы ашаршылық пен саяси қырып жоюдан қаза тапқандар біздің солтүстік Қызылжар өңірінде аса қайғылы, әрі қатаң шаралардың жүруімен ерекшеленеді. Тарихи деректерге сүйенсек, Қызылжар жеріндегі ашаршылық пен қуғын – сүргін құрбандарының саны 5635 адам, ал облыстық «Память» қоғамдық қорының төрағасы Сағындықов Болат ағамыздың есептеуінше, саяси қуғын - сүргінге ұшырағандар саны 8000-ға жуық. Бірақ бұл көрсеткіш әлі де зерттеуді қажет етеді.




Қызылжар өңіріндегі ашаршылық пен саяси - қуғынға ұшырағандар тарихын зерттеуде ағалы – інілі Мағазов Қилаж бен Сағандықов Болат Мағазұлының еңбектерін ерекше атап өту қажет.

1937-38 жылдары саяси - қуғын сүргіннің құрбаны болған өз әкесі Сағындықов Мағаз бен өзінің туған жері Бостандық ауылының құрбан болған ауылдастары жөніндегі ақпараттарды бірінші болып, КГБ-нің архивтерінен көз майын тауысып іздеген де осы Қилаж Мағазұлы еді. Кейіннен, өз туыстары туралы ғана емес,

Қызылжар өңіріндегі саяси құрбандар жөнінде архивтерден көп материал жинақтады.

Сағындықов Болат ағамыз болса, ағасы Қилаждың еңбегін жалғастырып, «Зерде», «Память» қорын құрды. Солтүстік Қазақстандық саяси - қуғын сүргінге ұшыраған 8000-ға жуық азаматтарымыздың есімдері жазылған гранит тақтасы бар ескерткіш кешенін Петропавл қаласындағы бұрынғы саяси - қуғындарды азаптап қинаған, олардың қаны төгілген бұрынғы НКВД- нің ғимараты орналасқан жерге салғызуға себепкер болды.

2008 жылы Болат Мағазұлының басқаруымен, облысымызға белгілі



журналист Зарап Құсайыновтың редакторлығымен «Ақталған есімдер», «Возвращенные имена» атты саяси құрбандар мен аштық жылдарындағы нәубет және 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі құрбандары туралы қазақша-орысша кітап шығарылды.

Бұл кітапта өлкемізде болған тарихи оқиғалар кеңінен зерттеліп, қуғын - сүргін құрбандарының естеліктері мен олардың тікелей ұрпақтарының естелігі жарияланған тағылымы мол, жас ұрпақтың үнемі есінде болатын тәрбиелік оқиғалар шынайы бейнеленді. Кітапты оқып отырғанда көзіңе еріксіз жас келеді.

Осы кітапта Қилаж, Болат ағаларымыздың бірнеше мақалалары жарияланған.

Атап айтсақ, Қилаж Мағазовтың «Годы трагедии и скорби», «Годы уничтожения и преследования», «Подвиг матери» мақалалары (1934 жылы репрессияға ұшыраған Петропавл қалалық партия ұйымының хатшысы Аушақым Жамболов туралы, оның әйелі Рабиға туралы айтылған. Бұл тарихи әңгімеде біздің Бостандық ауылының тарихына, оның алғашқы басқармасы болған, 1931 жылы колхозын ұйымдастырушы Орнакин Жакулә туралы айтылады), Сағындықов Болаттың «Долг памяти», «Ауылымның ардақты атасы», «Бейнетпен өткен ғұмыр», «Әке есіміне лайық болайық» деген мақалалары қажырлы зерттеулердің арқасында жазылған. Осы кітапта менің педучилищеде ұстазым болған, орыс тілінен сабақ берген Е.В. Эрленбуштың «Расскажите своим детям о страшной правде 30-х годов» деген мақаласы бар, сол мақаласының соңын «Детям детей расскажите, чтобы тоже запомнили. И это должно стать гарантией того, что такое не повторится», - деп аяқтаған екен. Шын мәнінде, біз әрқашанда не себепті тоталитаризм құрбандарының болғанын, болашақта бұндай қайғылы жағдайлардың қайталанбауын үнемі айтып отыруды парыз деп санауымыз керек.

Тәуелсіз Қазақстанның дүниеге келуіне, еліміздің торлы құрсаудан босап, еркіндік алуына себепкер болған 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы екенін білеміз. Сол жылдары қаншама жас буын қуғын – сүргінге ұшырағанын жақсы білеміз. Түрмеге қамалып, белгісіз жағдайда қайтыс болған Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова, біздің солтүстіктің тумасы Нұржан Нұрғисаұлы Қалиасқаров сияқты оқудан қуылып, тоталитарлық жүйенің құрсауына түскен жастар қаншама!

Болат Мағазов ағамыз зейнетке шыққаннан кейінгі 10-15 жылын саяси құрбандыққа ұшырағандарды ақтап алуға арнады. Қаншама рет облыстық әкімдік пен аудындық әкімдердің алдын көріп, республика бойынша жауапты адамдармен байланыс жасады, КГБ-нің мұражайынан арнаулы рұқсат алудың өзі қандай қиын екенін білеміз, сол қиындықтарға қарамай алдына қойған «Память» қорының міндеттерін ойдағыдай атқарып шықты. Соның айғағы Қызылжар- Петропавлдағы мемориал кешенінің орнауы.



Қызылжар қаласындағы мемориалға гүл шоғын қою рәсімі

Зиялы қауым өкілдерінің облыстағы басшыларының бірі ретінде, Болат ағамыз ақсақалдар алқасының жұмысына да белесене араласады.

Сонымен қатар зейнетке шыққан соң ақындық өнермен де айналыса бастайды. Төрт – бес жыр кітабының авторы. Ел құрметіне бөленіп, еңбегі еленіп «Облысымыздың құрметті азаматы» атанды. Жуырда 82-ге қараған шағында өзінің «Қарт сыры» атты тамаша лирикалық өлең кітабын шығарды.

Міне, осы кітабында «Ұлы нәубет» деген өлеңінде сонау азапты жылдар туралы былай дейді:

**Мына жер НКВД ғимараты,
Тұрғанда жан түршігер қаралы аты
Бұл тамұққа қамалып, қиналғанда
Осы өңірдің мыңдаған азаматы...
Біздің ғана өңірден кеткені,
Анықталды сегіз мыңға жеткені
Айдалғандар, қашқындардың саны
жоқ,
Қуғын- сүргін құрбандары еткені...
Мемориал тұр Қызылжар төрінде,
Анайдан көзге анық көріне.
Бұл тарихи ескерткіш қой мәңгілі
Мұң салады келгендердің көңіліне.
*"Құрбандарды ұлықтаңдар, ұмытпаңдар.
Бастарыңа еш келмесін жаманат"*, - деп
өлеңінің соңын тәрбиелік мәні зор жыр
жолдарымен аяқтайды.**



Бүгінгі тәуелсіз еліміздің еңсесін көтеріп, жаһандану үрдісінде белгілі орнын алуы, алдыңғы қатарлы елдердің қатарына ұмтылуы біздің қажырлы халқымыздың еңбегінің арқасы, елімізде жүргізіліп отырған көрегендік саясаттың арқасы. Осындай жағдайда рухани жаңғыру, өткенімізді ұмытпай жадымызда ұстау, жас ұрпақтың есіне тарихи оқиғаларды еске түсіріп отыру мақсатында Бостандық ауылында саяси құрбан болғандарға арнап ескерткіш орнату жұмысы қолға алынды. Сонау 1920-38 жылдары біздің Бостандық ауылдық кеңесіне қарайтын Бексейіт, Үшкөл ауылдарынан 11 азамат репрессияға ұшыраған.

Ескерткіш орнатуға басшылық жасаушы Болат ағамыздың болуы заңды да, себебі облыс көлемінде саяси қуғын-сүргін құрбандарына ескерткіш мемориал орнатуға тікелей басшылық жасап, сегіз мыңға жуық есімнің мрамор тақтаға жазылуына көп еңбек сіңірген болатын, әрі өзі саяси қуғын - сүргінге ұшырап атылып кеткен аяулы азаматтың артында қалған тұяғы еді. Саяси қуғынға ұшыраған ауылдастарының туыстарымен ақылдаса келіп, Бостандық ауылында өз қаражаттарына ескерткіш орнатуға келіседі. Бұл ескерткіш 1941-45 жылдары Ұлы Отан соғысы деп тарихымызға енген, миллиондаған кеңес азаматтары құрбан болған соғысқа қатысқан ауылдастарымызға қойылған ескерткіштің жанына орналасты. Бұл ескерткіштің орнатылуына Қилаж Мағазұлы бас болды. Ауыл тұрғындары Қилаж ағаның еңбегін ұмытпайды. Енді міне, саяси қуғын – сүргін

құрбандарына арналған есерткіш те, кеңес заманындағы қайғылы тарихи зобаланды еске түсіріп, алдағы уақытта оның қайталанбауын тілейді.



«Бұғауланған Бостандық»

Өткен ғасырдағы саяси қуғын - сүргіннің себептері туралы аз жазылған жоқ. Солай бола тұрса да, тарихи тағылым үшін жас ұрпақ бүкіл ел бойынша қуғын - сүргін мен ашаршылық құрбандарын біліп қана қоймай, өз ауылында, өзінің туған жеріндегі қуғын - сүргін құрбандарын білуі қажет. Кеңестік дәуірдің 30 жылға жуығын басқарған И.В. Сталиннің саяси, әскери билікті өз қолына жинақтай отырып, XX ғасырдың 20 жылдарының аяқ кезінде «Кеңес үкіметі социализмге ілгері басқан сайын таптық күрес күшейе түседі», - деген қате теориясы саяси қуғын - сүргін жүргізуге негіз болғанын айтып кеттік. Бұл теория кеңес үкіметінің құрамына күшпен енгізілген ұлттардың озық ойлы, алдыңғы қатарлы көшбастар ұлдарын қырғынға ұшыратуға, бас көтерер азаматтарынан айрылған халықты оңай басқаруына мүмкіндік берді.

«Халық жауларына» қарсы күрес ашу, оларды анықтау, іздестіру жұмыстары Қазақстанда ерекше жағдайда жүргізілді. «Атқа мінерлерлер», «шолақ белсенділерден» ауыл - ауылда, «шаш ал десе, бас алатын» тыңшы топтарға еркіндік берілді.

«Ерекше кеңестер» құрылып, жаппай қырғын - сүргінді жүргізуге «үштік», «екілік» деп аталатын қауіпсіздік комитетінің тікелей ықпалында болған жазалау ұйымдары қатысты, олар сол кездің заңдарын белшесінен басып, әшкерлеу шараларын жүргізе бастады. 1937 – 1938 жылдары қуғын-сүргіннің шарықтау шегінде, қара - түнек зобалаңы қазақ халқының бетке ұстар азаматтарын ғана емес қарапайым қазақ ауылдарындағы көзі ашық деген ауылдың бас көтерер азаматтарын дейін шарпығанын білеміз.

Міне, осындай зобалаңның қырғынына ұшыраған Солтүстік Қазақстан облысының, сол кезеңде Приишим ауданы деп аталатын, қазіргі Мамлют ауданына қарасты «Бостандық» ауылында болған оқиғаны баяндағым келеді. «Кеңес үкіметі бізге бостандық әкелді, ауылымыздың атын «Бостандық» деп қоямыз деген аталарымыз кеңес үкіметінің «бостандығының» қалай болатындығын әлі білмеді.

1937 жылдың 20-сыншы қыркүйегінде «Бостандық» ауылының азаматтары «Ұлы Октябрь революциясының бұғауына» түсе бастады. Ең бірінші болып ауылдық кеңестің алғашқы хатшысы, молланың баласы, "жапон шпионы" деген жаламен Сағындықов Мағаз тұтқындалса, 25 қыркүйекте Бостандық ауылдық кеңесінің төрағасы Қарабатыров Қалимолда тұтқындалды. Көп кешікпей колхоз басқармасы Әшетов тұтқындалды.

Бір ұлттың бетке ұстар қаймағын тамырымен құртып, жусату мақсатында жүргізілген сұрқия саясаттың біздің солтүстік өлкеде қалай болғанын, жымысқы саясаттың құрбаны болған Сағандықов Мағаздың баласы, соғыс және еңбек ардагері Қилаж Мағазов ағамыз көп еңбек сіңіргенін жоғарыда айтып кеттік.

1953 жылы Сталин өлгеннен кейін нақақтан жала жабылған өз әкесін және ауылдастарын ақтап алу мақсатында көп қиындықтарды басынан кешіре, кезінде «жеті бүктеліп, жеті рет мөрленген», көп уақыт бойы құпия болған

архив материалдарын зерттей отырып, өткен ғасырдың 90 - жылдарында облыстық «Ленин туы» газетінде «Қара таңба кімдерге басылды?» атты көлемді зерттеу мақаласын жариялап, саяси - қуғын көрген аталарымыздың ақталып шығуына себепкер болды.

Тарихи зерттеу мақаласында Қилаж ағамыз тебірене былай деп жазған еді: «Мен ол кезде 10 жасар бала едім. Сол қаралы 37 жыл менің балалық жадымда күні кешегідей мәңгіге сақталып қалыпты. Көктемге қарай ауылдағы шағын мектептің бір үлкенірек бөлмесінде колхозшылардың жиналысы болды. Халыққа лық толы бөлменің есігінен ауданнан келген уәкілдің: «Халық жаулары толық әшкерленіп болған жоқ, олар біздің арамызда қаптап жүр. Сондықтан революциялық қырағылық керек», - деген сөзін есіктен сығалап тұрған балалар анық естідік. Жиналғандар бұл сөздердің соңынан бір сұмдықтың басталғанын сезгендей уәкілдің қаһарлы сөздерін үнсіз тыңдады. Ауылда НКВД - ның жасырын тыңшылары пайда болды. Ертеректе оларды сыртай ғана топшылаушы едік, енді архив материалдарын көтере отырып, сол тыңшылардың арам істерінен жиіркене, олардың кімдер екендіктері анықталды, бірақ та кейінгі жас буын ауылдастардың бір - бірінен өш алуына жол бермеу мақсатында олардың аты - жөнін атауды қажет деп таппадық», - деп жазған еді.

«... Архивте өз әкемнің, Қарабатыровтың, Махамбетовтың, Әшетовтың «істерін» қарап отырғанда көздерім бұлдырап, буындарым дірілдеп, оқып отырғанымнан түңілгендей болдым. Айыптау қортындысында олардың бәріне «контрреволюциялық ұйымның мүшелері, Жапония шпиондары, кеңес үкіметіне, колхоз құрлысына қарсы әрекет жасаған», - деген жалалар жабылған. Бірақ қандай дұшпандық әрекет жасағаны, Жапонияға қандай құпияларды сатқаны туралы, олардың қылмыстарын дәлелдейтін бірде бір деректі архив материалдарынан таба алмадым. Тек НКВД тыңшысының Бостандық ауылдық кеңесінің төрағасы Қарабатыров Қалимолда туралы жала - арызы (донос) сақталыпты. Онда: «1937 жылғы 12 тамызда біздің дала бригадасында Қарабатыров Қазақ ССР Халық комиссарлары Советі председателінің орынбасары болған, қазір халық жауы ретінде ұсталған Құлымбетов туралы әңгіме қозғады. Құлымбетов жақсы адам еді, бірақ қолға түсті, жақында Қазақстанның барлық басшыларын «троцкиші» деп айыптайтын шығар деді ол», - деп НКВД - ға жазылған жала хатты ғана таба алдым» - деп Қилаж ағамыз өзінің естелігінде жазған еді.

Патшалық Ресей кезінде отарлаушылар қолданған әдістерді (қазақтарды бір-біріне айдап салу, қызмет үшін таласу, бір-бірін қаралап басшыларға жағыну қасиеттері) 1937-38 жылдары кеңес үкіметі де жалғастырғанын, тағы да қолданғанын көруге болады.

Сол кезеңдегі «халық жауы» болып, НКВД - нің түрмесіне түскен кез келген апталдай қайсар азаматтар жендеттердің адам түршігерлік және төзгісіз қинау әдістері мен айла - шарқына ұзақ уақыт төзгенімен, аштық пен ауыр дене жарақатын алғаннан кейін, ессіз - түссіз жағдайда, кеңес үкіметінің жауымын, колхоз құрлысына қарсы әрекет еттім, «Жапонияның шпионымын» деген айыптауларға қол қоюға мәжүбір болды. Осылай күштеу

әдісімен Қарабатырұлы Қалимолданы, Сағындықұлы Мағазды, Махамбетов Әбікейді 2 - 3 ай түрмеде ұстап, «жапон шпионы, кеңес үкіметіне қарсы болғандары жөніндегі айыптарын» мойындатқан.

Осыдан кейін аудандық НКВД аудандық партия комитетіне, облыстық НКВД - ге ақпарат жіберген: «Бостандық колхозының председателі Әшетов Мұқанмедия, ауылдық кеңестің төрағасы Қарабатыровпен келісіп, Кемерово қаласында тұратын 8 ірі байды колхозға алған. Контрреволюциялық топтың басшысы, Жапония барлау қызыметімен байланысы бар, бұрынғы ірі бай Әбікей Махамбетов тұтқынға алынды. Әшетов пен Қарабатыров бұрынғы бай Беккенин Ескендірді, бұрынғы молда Айтқожин Құсайынды, атқамінер Жақыпов Жақияны колхозда ұстап отыр. Бұрынғы байлар Махамбетов Әбілмәжінге, Мұстафин Кәрімге, Жүсіпов Әубәкірге, Рахметовке жалған анықтама берген. Әшетовтың өзі де бай баласы» (Қ.Мағазовтың архивтен алған материалдарынан).

Бұл жерде келтірілген архив құжаттарын кеңірек түсіндіре кететін болсақ, Әшетов Мұқанмедия біздің ауылдың тумасы емес, көрші Талапкер ауылының азаматы болса керек, шамамен 1936 - 1937 жылдары ең қауіпті жылдары «Бостандық» колхозын басқарған. Махамбетов Әбікей, Сағындықов Мағаз және Қарабатыров Қалимолда ұсталған соң, М. Әшетовты партиядан шығарып, басқармалықтан түсірген. Өзіне жабылған жаланың өтірік екендігін дәлелдеу және партияға қайта кіру мақсатында Мұқанмедия Әшетов облыстық партия комитетіне шағым түсіреді. 1938 жылы 7 наурызда шағымын қараған облыстық партия комитетінің отырысында Әшетовты ақтаудың орнына, қайтадан айыптап, контрреволюциялық әрекеті үшін сол жерде тұтқындайды. Сөйтіп, 1938 жылы 30 қыркүйекте небары 30 жасында атылып кетеді.

Қалимолда атамыз 1891 жылы туған. Арабша, орысша хат таныған, сол кезеңдегі түсінікпен көзі ашық, жаңа заманның ағымын ауқымдайтын, ауылдастарына сөйлесе сөзі өтетін, айтқанын екі етпейтін, халықты соңынан ерте алатын азамат болғандықтан, жергілікті кеңес үкіметін басқаруға Қалимолла сияқты адамдар қойылған. Коммунистік партияның сол кездегі кадрлық саясатының ұстанымы еді. Бірақ та қазақтың көзі ашық көрнекті интеллегенция өкілдерінің көзін жою басталған уақытта, олардың көзқарасына жақын болған ауылдағы қарапайым, бас көтерер, көзі ашық деген азаматтарға тоталитарлық жүйе қырғидай тиді.



**Қарабатыров
Қалимолда
(1891-1937)**

1937 жылдың 25 қыркүйегінде нақақтан жала жабылып, НКВД - нің үштігінің шешімімен тұтқындалып атылды. Қайран ағамыздың сүйегінің қай жерде жатқанын осы күнге дейін біле алмадық, жаны жәннәтта болсын. 1958 жылы ғана Калимолда атамыз ақталды.

«Үндеместердің» архив құжаттарында «Бостандық» колхозындағы «халық жауларын» іздестіру барысында табылған 8 ірі бай деп отырғаны, байлар емес, ұжымдастыру жұмысының алғашқы кезеңі, яғни күштеп артельдерге, ТОЗ - дарға (бірігіп жер өңдеу серіктестігіне) кіргізу басталған уақытта, әрі ұжымдастырудың мәнін түсінбеген және оған шын мәнінде кіргісі келмеген Махамбет ауылының ауқатты ғана шаруалары еді. Олар өзінің аздаған ұсақ малдары мен жылқыларын айдап, тез арада «ішке» Россияның Кемерово облысына қоныс аударады.

Қазақ жерінде «Кіші Қазан төңкерісін» жасау мақсатында Голощекин «аша тұяқ қалмасын, асыра сілтеу болмасын» деген ұранмен жар салса да, жергілікті шала сауатты «атқамінерлер» халықтың қолынан күшпен, азғантай малдарын сыпырып ала бастады, керісінше асыра сілтеу шектен шықты. Бұл көрсоқыр саясат Қазақстанда жаппай аштықтың басталуына себеп болды. Аштық зардабын тартып көшкен қазақтарды көрші Ресейдің жергілікті өкімет органдары кері қайтаруға күш салды, себебі жергілікті халықтардың өзі де аштықтың зардабын тартып, көрші Ресей облыстарының басшылықтарына қосымша қиындықтар тудырғаны тарихтан белгілі. Махамбет ауылының тұрғындарының көпшілігі барған жерлерінде көп тұрақтай алмай, елге оралып, туыстарына қосылуға бекінді.

Елге ашып - арып келген ағайындардың жағдайын көрген ауылдық кеңестің төрағасы Қарабатыров Калимолда колхоз басқармасы М.Әшетовпен келісе отырып, колхозшылардың жалпы жиналысында оларды бірауыздан «Бостандық» колхозына мүшелікке алған. Қолдарында қалған азын - аулақ малын ортақ колхоз малына қосқан. Колхоздың материалдық базасын нығайтуға бағытталған және ағайындарға жасаған қамқорлықтары үшін «халық жауы» ретінде жазаланатынын қайран аталарымыз қайдан білсін.

Саяси қуғын - сүргін жылдары жоғарыдан арнаулы тапсырма болды ма, «халық жауын» жергілікті НКВД адамдары қолдан да құрастыра бастады. Үлкен аталарымыздың айтуы бойынша, болмашы оқиғалардың өзінен «кеңес үкіметінің жауларының әрекеті» деген айыптаулармен сотсыз түрмеге отырғызу жүргізілген. Бірде колхоздың қойын баққан Шаяхин Қауаш деген ағамызды «су ішуге барған қойлардың тұяғына балшық қатырдың, оларды ақсаттың, үкіметке қастандық істедің», - деп түрмеге жауып, кейін ол кісі эзер босанып шыққан екен. Сол сияқты мектепте сабақ беріп тұрған кезінде сынып қабырғасында ілініп тұрған «Күн көсем - Сталиннің» портреті түсіп кеткені үшін сотталып кеткен мұғалім туралы аталарымыздан талай естігенбіз. Міне, осындай сорақы оқиғалардың болғанын жастарымыз білгені жөн.

Жоғарыдағы НКВД - нің құжаттарындағы көрсетілген тағы бір ауылдасымыз, байлар санатында аталған Балғабек ауылың азаматы Беккене қажының баласы Ескендір туралы айтсақ, кезінде ірі бай болмағанымен,

біршама ауқатты, әрі аса дінәдар Бекенне кезінде ауылдастарымыздың ішінен бірінші болып Меккеге барып, қажы атанған екен. Ұлы Абайдың әкесі Құнанбай сияқты Меккеде арнаулы қонақ үй салғандығы жөнінде аталарымыздан қалған әңгіме бар, әрине бұл деректі нақтылау үшін архив материалдарын іздестірген жөн.

Архив материалдарын ақтара отырып, қуғындауға негізінен ел басқарған азаматтар ғана емес, ескіше, арабша балаларды оқытқан молла, қажылыққа барған адамдардың балалары мен туыстары ұшыраған.

Солардың бірі - Айтқожин Құсайын. Құсайын молда ертеден сол өңірдегі балалардың ескіше сауатын ашқан, кенестік жауынгерлік атеизмнің күшейіп тұрған уақытында, халықтың мұсылман дініне деген сенімін өшірмеген аталарымыздың бірі. Ауыл арасында беделі бар, әділ, өз еңбегімен ауқатты тұратын, халыққа сөзі өтер азаматтарды «атқамінер» деген айдар тағып, тергеуге алып отырған.

Көшімбаев Жақия деген менің нағашы атам жапонның шпионы деп ұсталған құдасы Қарабатыров Калимолданың ісімен байланыстырылып, тергеуге алынып, жандайшаптардың ұрып, соғуына ұшыраған. Бірақ, ұсталған Калимолда, Мағаз ағаларымыз «нақақтан жала жабылып, кетсем де, бір өзіміз көрейік азапты»,- деп ауылдастарына жала жаппады.

1937-38 жылдардағы саяси қуғындаудың басты бағыты Алаш қозғалысы өкілдеріне бағытталғанын білеміз. Олардың көпшілігі кеңес үкіметінің кешіріміне легіп, жан – тәнімен қызмет істеп жатса да, қайтадан қуғындауға ұшырады.

Бостандық ауылынан шыққан, кезінде Алаш қозғалысы өкілдерімен бір көзқараста болған, кеңес үкіметіне жан-тәнімен қызмет еткен Нұғыман Оранкин деген арысымыз «Алаш» қозғалысымен байланысы бар деп, «халық жауы» атанып 1938 жылы атылып кетті. Нұғыман атамыз кезінде Ресейдің Тройцкі қаласындағы «Уазифа» медресесінде оқып, ұстаздық қызмет атқарған, алғашқы қазақ зиялыларының қатарынан, ол кісінің көптеген өлең - жырлары, мақалалары «Айқап», «Қазақ» т.б. газеттерде сонау 1911-1913 жылдары басылған.

Бостандық ауылдық кеңес бойынша НКВД - нің архив материалдарында қуғын- сүргінге ұшыраған азаматтардың қатарында Рахметов Емьяман да бар. Ол 1870 жылы Бостандық ауылында туған. 1937 жылы қарашаның 4 -і күні тұтқындалған екен. "НКВД үштігі" Е. Рахметовтың ісін Қ. Қарабатыров пен Әсетовтарды айыптаумен тікелей байланыстырған.

«37 жылдың қаһарына» іліккендердің бірі - Тілегенов Сұлтан. Бостандық ауылының тумасы, ол 1891 жылы дүниеге келген. 1937 жылдың 27 тамызында НКВД - нің жендеттері тұтқындап, 1937 жылдың 13 қыркүйегінде ату жазасына кесілген.

1937 жылғы саяси қуғынның жалғасы Бостандық ауылының тұрғындарын Ұлы Отан соғысынан кейін де шырмады.

Мүрсәлімов Хамит деген ағамызды соғыстан оралғаннан кейін, ауылда есепші болып жұмыс істеп жүрген кезінде 1947 жылдың 28 маусымында Солтүстік Қазақстан облыстық қауіпсіздік комитетінің қызметкерлері

тұтқындаған, 1948 жылдың 25 мамырында сотталып, бас бостандығынан айырған. Сондағы айыптары - немістердің соғыс тұтқынында болуы. Соғыстың алғашқа кезеңінде қаншама кеңес жауынгерлері немістің тұтқынына түсіп, адам айтқысыз азап шексе, елге оралғаннан соң тағы да өз туған жерінде тұтқындалып, екінші рет азап шекті. Фашистік Германиямен соғысқан елдердің соғыс тұтқындары мұндай азапты көрген жоқ, оларды соғыс тұтқыны ретінде құқығы қорғалып, тұтқыннан босатылған соң қайта қамқорлық жасалынды. Тек бізде ғана кеңестік саяси жүйе тұтқындарға қатаң болды.



**Мүрсәлімов Хамит
(1921-2002)**

1941 - 1945 жылғы Ұлы отан соғысына қаты - сады. Соғыстың ең ауыр алғашқы 1941 - 42 жылда - рында техника күшінің жетіспегенін, батыс аймақ-тардағы қалаларымызды жаудың басым күші бірінен соң бірін басып алып жатты. Осындай соғыстың қиын кезінде Хамит ағамыз 6 - шы атты кавалерия корпусының құрамында соғысады. Бірде қоршауда қалып, жау қолына тұтқынға түседі. Соғыстан кейін тұтқында болғаны үшін 1947 жылдың 28 маусымында Түркістан әскери округ сотының шешімімен 58 - 1 бап бойынша сотталады. Көп жыл бойы ауылда есепші, ағаш ұстасы болып, зейнеткерлікке шықты. Балалары Рәшид, Шархан, Екпін және одан басқа

екі ұл, екі қызынан тараған ұрпақтары ауылда, Корнеевка, Бескөл селоларында тұрады.

Хамит ағамыз көп қиындықты көре отырып, тек 1999 жылдың 11 қаңтарында ғана ақталды. Оған дейін ол кісіге кеңестік қоғам тарапынан моральді түрде қысым жасалынды. Соғысқа қатысқан майдангер аталарымызға жасалынып жатқан кейбір кішігірім қамқорлық ол кісіге жасалынбады, әртүрлі жүргізілетін салтанатты шерулер мен бас қосулардан шеттеу қалды. Әрине, ауылдастарының бірде біреуі Хамит ағамызға неміс тұтқынында болғаны жөнінде бір ауыз сөз айтып көрмесе де, ағай тұйықталып, соғыстағы өз тағдыры жөнінде көп айта бермейтін. Хамит ағамыз өте қарапайым, адал, тура кісі еді, бір кісімен сөзге келгенін байқамадық. Еңбекқор ағамыз қандай жұмысқа болсын тиянақты, ауылымызда көбіне ағаш шеберлігі бойынша әртүрлі құрылыстар салуға қатысты. Ауылымызда салынған клуб, сегізжылдық мектептің ғимаратында, ағаш үйлердің құрылысында Хамит ағамыздың қолының ізі бар. Кеңес үкіметінің саясатынан қаншама зардап шексе де, сол құрылысқа аянбай қызмет етті, зайыбы Зәйкөш апайымызбен бірнеше ұл-қызды дүниеге әкеліп, өсіріп өндірді, немерелерінің қызығын көрді, қартайып барып дүниеден өтті.

Бостандық ауылы өз ұлдарының сталиндік жапа шегу құрбаны болғанын ғана көріп қоймай, сонау ызғарлы соғыс жылдары Шешенстаннан ауылымызға 1944 жылы тағдыр айдап, жер аударылған Израпилов Хамзаттың жан ұясының да көз жасын көрді. Екінші рет репрессияға

ұшыраған. Хамзат сол кезде 58 жаста, егде тартып қалған артында Хабибулла, Джавзан, Омар деген балалары болған. Омар деген баласы біздің мектептің төртінші сыныбында оқыған кезде мен екінші сыныпта оқыған едім. 24. 01 1946 жылы сотталып кеткен Хамзат туған елінің топрағына қайта оралмады.

«Халық жауы» атанған ауылдастарымыздың тікелей туыстары қаратүнек кезеңнің зобалаңын қалай бастарынан өткізгенін талай рет әкелеріміз бен ағаларымыздан естіп өстік. Қуғын - сүргіннің негізгі идеологы И. В. Сталин «Әкесі үшін баласы жауап бермейді», - деп ұран тастаса да, «халық жауларының» бала - шағалары ғана емес, алыс - жақын туыстары да беттеріне қара күйе жағылып, қорлықпен, зорлықтан зәбір шекті.

Қарабатыров Қалимолланың екі інісі Қайролла және Нәсиге «халық жауының туысы» деген айдар тағылып, қайда барса да кемісітуге ұшырады, күндіз - түні тыңшылардың назарында болды. Жұрт оларға сенімсіздік көрсетіп, үрке қарады. Сол жылдардағы оқиғаларды әкеміз Нәси: «...жұмыстың ауыры да, қит етсе «жаусың» деген «шолақ белсенділердің» жекуі де, жәбірлеуі де ағайынды Қайролла екеуіміздің жүрегімізге шаншудай қадалатын. Қанша жанымызды салып жұмыс істесек те, оқуға деген ынтамыз болса да, оған қабылданбадық. 1941 жылы соғыс басталғанда «Отанымыздың жауы емеспіз, қан майданда елімізді қорғаймыз», - деп ағайынды екеуіміз майданға аттандық. Ағам Қайролла 1942 жылы Москваны қорғауда ерлікпен қаза тапты. Мен болсам, Балтық жағалауындағы Кенигсберг қаласына дейін жеттім. Жеңіс күнін Балтық аралдарының бірінде қарсы алдым. 1945 жылы күзде елге оралсам, әке - шешем, екі жеңгем ауыртпалық пен қайғыны көтере алмай қайтыс болып кетіпті. Соғысқа кеткенде үйде қалған әйелім мен 1940 жылы туған балам Мұқажан нағашыларының қолына барған. Айдалып кеткен Қалимолла ағамнан қалған екі бала Мұқанмадия (Көку) мен Дариха жетім қалған соң ағайындардың есігін паналап жүр екен. 1937 - ші жылдың қуғын - сүргінінен басталған қайғы, соғыс қасіреті, екі ағамнан бірдей айырылу жалғыз қалған маған үлкен соққы болды. Соғыс бітіп, 1958 жылдың 9 қарашасында облыстық сот президиумының қаулысымен ағам заңды түрде ақталса да, 1960 жылдарға дейін қудалаудың, сенімсіздік көрсетудің лебі сезіліп тұрды, ағамның баласы Көкуді облыстық мектеп - интернатына тұл жетім болса да, «әкең халық жауының баласы», - деп қабылдамады, бірақ оқуға талпынған баланы қиындыққа қарамастан пәтерге қойып оқыттық», - деп әкей күрсіне есіне алатын.

Көку ағамыз қиындықты көре отырып, онжылдықты бітіріп, әскер қатарында азаматтық борышын өтегеннен кейін жұмыс істей жүре, Орал политехникалық институтын сырттай бітірді, кейіннен Куйбышев атындағы машина жасау зауытында қауіпсіздік техникасы бойынша инженер болды.

10 жасынан әкеден жетім қалып, «халық жауының баласы» деген айдардың қиындығын мол көрген Қилаж Мағазов ағамыз өзінің сол зұламат кезең туралы «Тарихты шымқай қара сиямен жазбайық» деген мақаласында: «... әкем тұтқындалған күні, менің де балалық шағым бітті. Тап сол күні әділетсіздіктің не екенін түсінгендей болдым. Шешемді колхоз басшылары

өзгелер баруға бас тартқан ең ауыр, лас жұмыстарға жіберетін. Өзгелердей бас тартуға ол байғұстың шамасы бар ма, бар ерікті көздің жасына беретін. Ауыр жұмыстан сілесі қатып келген шешемнің пеш алдында екі бүйірін таянып, өз тағдырына өзі налып, еңіреп жылап отырғанын талай көрдім.



**Мағазов Қилаж
Мағазұлы**

1940 жылы комсомолға өтуге арыз берсем де, «халық жауының» баласы ретінде оған қабылданбадым. Жасым толмай, Ұлы Отан соғысына өз еркіммен бардым, талай рет жауынгерлік медаль, ордендермен марапатталдым, бірақ соғыстан кейін де әділетсіздіктің зардабын тарттым. Әрине, мен қызметімнің өспей қалғанына емес, маған деген әділетсіздіктің қыр соңымнан қалмай қойғанына ренжідім. Өзім сүйіп өскен үкімет тарапынан осындай сенімсіздік анық сезілетін, бұл менің жас өмірімді улап бітті», - деп жаза отыра, дәл осы мақаласында кеңес дәуірінің халқымызға берген оң өзгерістерін мақтап, «ішіне кек сақтамай» кеңес үкіметін нығайтуға, дамуына белсене ат салысады «тарихты шымқай қара сиямен жазбайық»

деген ойды басқаларға айтады.

Қилаж ағамыз көп жылдар бойы ұстаздық және аудандық, облыстық кеңес, партия ұйымдарының басшылық қызметтерінде болып, құрметті демалысына шыққаннан кейін, облыстық «Парыз» клубын басқарды. НКВД - нің архив материалдарын көз майын тауыса отырып, «халық жауы» атанған өз әкесі мен ауылдарыстарын ғана емес, солтүстік өңірдің қаншама азаматтарының ақталуына жағдай жасады. Қилаждың өзінің туған інісі Сағындықов Болат пен немере інісі Есмұқанов Ғазиздің жоғарғы білім алып, кеңшар, аудан, облыс, тіпті республика көлемінде партия, кеңес ұйымдарын басқаруға дейін тәрбиелеп өсіргенін ауылдастары жақсы біледі.

Болат ағамыз Қилаж ағасының еңбегін жалғастырып, саяси қуғын - сүргін көрген азаматтарды ақтауға көп еңбек сіңірді. Оларға арнап қойылған Қызылжар қаласындағы ескерткіш - монументінің орнатылуына көп күш салды, саяси - қуғын көрген азаматтар жөнінде жазылған «Зерде» кітабының бас авторларының бірі.

Осы күнге дейін нақақтан жала жабылып, сотталған, атылып кеткен аталарымыздың сүйегінің қайда екенін білмесек те, олардың есімінің кейінгі ұрпаққа жетуіне көп жұмыстар атқарылды.

Бүгінгі күні Қызылжар қаласының қақ төрінде, бұрынғы НКВД - нің түрмесі болып талай жазықсыз азаматтардың қаны төгілген ескі ғимараттың орнына ескерткіш - монумент қойылды. Осы аса маңызды саяси - тәрбиелік жұмыстың басы - қасында жүрген ағамыз Болат екенін кейінгі жас ұрпақ ауылдастары білген жөн.

Құдайға шүкір «халық жауларының» балалары, інілері мен туыстары өткен ғасырдың 60 жылдарына дейін жағылған бұл қара күйені арқалауына тура келсе де, өздерін жау еткен кеңес үкіметіне, оның идеясына жан - тәнімен

қызмет етіп, өмірден өз орнын тауып, мойымай, ұрпағын таратып, өніп - өсті. Бүгінгі тәуелсіз Қазақстанымыздың саяси - экономикасы және әлеуметтік дамуына өз үлестерін қосып келеді.

Осы шағын кітапшада саяси қуғын – сүргін құрбандарын кеңірек қосымша таныстыра кетейін.

1. **Әшетов Мұхамедия** Талапкер ауылының тумасы, Бостандық колхозының басқармасы, артында тікелей ұрпағы немересі Ашетов Даурен, Қызылжар қаласында тұрады
2. **Баймышев Сапар** – балалары Сапаров Әміржан, Сапаров Жаңатілек, жиені Болат Сағындықов.
3. **Беккененин Ғабдөссәләм** - шет жақта қызмет істеген, Ескендіров Жансеріктің ағасы, немере інісі Ескендіров Зият, жиендері Біржан Молдахметов Петропавлда тұрады.
4. **Қарабатыров Қалимолда** - баласы Көку (Мұханмадия), немерелері Марат, Қанат, Гүлнәр, Әлия, Айгүл.
Қызы Дариха Дүйсенбин Амантайдың жолдасы, жиендері Шолпан, Айман, Сауле, Мейрам. Інісі Қарабатыров Нәсидің балалары-Қажымұрат, Қалқаман, Мұрат, Ботагөз, Айнамкөз, Ғалия.
5. **Мұханбетов Әбікей** - баласы Аманжол, Көкөн, немересі Амангелді.
6. **Рахметов Емиаман** - түбі Бексейіт ауылының тумасы, туыстары Жұнысов Сәду, Жұнысов Көпей, Жұнысов Ноғай, немерелері Жұнысов Арыстан, Бақтыбай, Сансызбай.
7. **Сағындықов Мағаз** - балалары Мағазов Қилаж және Сағындықов Болат, немерелері Марат, Талғат, Қайрат, Қайыргелді, Мұрат, Жанат, шөберелері Батырхан, Бауыржан, Дәурен, Бақытбек.
8. **Тілегенов Сұлтан**- туыстары алыс ағайыны Кәдірбай Ережепов, жиеншарлары Мақсұтов Аманжол.
9. **Оранкин Нұғыман** - балалары Арыстан, Шайзада, немересі Серік, жиендері Құсайынов Құшқайрат, Мұрат, жиендері Алқа.
10. **Мүрсәлімов Хамит** - балалары Рашид. Шархан, Әлик, Екпін, қыздары Бақытжан, Гүлнұр, Зейнұр.
11. **Израпилов Хамзат** – шешен Кавказдан айдалып келіп, соғыстан кейін екінші рет қуғынға ұшыраған азамат, балалары Хабибулла, Джавзан, Омар. Туыстары Шешенстанда.

Саяси қуғын-сүргінге ұшыраған ауылдастарымыздың туыстары және балалары



Қарабатыров Калимолланың ұлы Көку (Мұқанмадия) ортада
Оң жақ шетте Оранкин Нұғыманның ұлы Арыстан, ортада Калимолланың немере інісі Шаймұрат.



Сағандыков Болаттың анасы Кәмәш әжей.

Жолдасы Мағазды «Халық жауы, Жапонияның шпионы» деп 1937 наһақтан жаламен тұтқындаған кезде, қолында екі кішкентай балалары Қилаж бен Болатын «қанаттыға қақтырмай, түмсықтыға шоқтырмай» өсіріп, еліне танымал азаматтар қатарына қосты.



Бірінші тұрған саяси қуғын-сүргін құрбаны Мурсалимов Хамит, ортада тұрған соғыс ардагерлерлері Нұртаев Божан, Мурсалимов Мәжит және Баймышев Сапардың ұлы Сапаров Әміржан.



Оранкин Нұғыманның қызы Шайзада тәтей, әке жолын қуып, Бостандық мектебінде көп жыл ұстаз болып, жас ұрпақты тәрбиелеуге ат салысты. Жастай жетім қалған інісі Арыстанға қамқор болды.



Қарабатыров Қалимолданың ұлы Калимулдин Көку (Мұқанмадия), қызы Калимулдина- Дүйсенбина Дариха.

Әкесін тұтқындағанда біреуі не бары екі жаста, біреуі алты айлығында қалып жетім өскен саяси жүйенің құрбандары, қаншама қиындық көрсе де, туыстарының арқасында ер жетіп, өздерін езіп- жаншыған кеңес жүйесін адал қызмет еткен жандар еді.



Құғын - сүргін құрбаны Баймышев Сапардың ұлы Сапаров Жаңатілек жастайынан жетімдіктің зардабын тартты.

Ағасы Әміржан соғысқа кеткеннен кейін Майлин Бекпен деген азаматтың қолында тәрбиеленді. Көп жыл бойы Бостандық ауылында жұмыс істеді, кейіннен Андреев селосына қоныс аударды.

Кез-келген мемлекеттің негізгі мақсаты - ұлттық рухы биік тұлғаларды қалыптастыру проблемасы екендігі де шындық. Ұлттық рухы биік жан тұлғалық деңгейге жетіп игілік пен ізгіліктің шапағатын өз айналасына тигізіп қана қоймайды, ұлтын өрге сүйрейді, келер ұрпақтың есті болып жетілуіне өзіндік үлесін қосады. Ұлттық рухы биік тұлғаны қалыптастыру үшін өткен тарих даналығына зер саламыз. Өкініше орай, кеңестік тоталитарлық жүйе дәуірлеп тұрған өз уақытында, КСРО құрамындағы ұлттардың өздік санасын өзінің «идеологиясына» сай қалыптастыруға барлық күшін жұмсады. Соның салдарынан бірнеше ұрпақ этникалық өздік сана жадынан айрылып, «кеңес өкіметінің балалары» санасымен тәрбиеленді. Оның салдары әлі күнге дейін күнделікті өмірден көрініс беріп те жататындығы ешкімге құпия емес.

Елбасымыз "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" деген мақаласында «Өткен ХХ ғасыр халқымыз үшін қасіретке толы, зобалаң да зұлмат ғасыр болды... Біздің кешегі тарихымыз бұлтартпас бір ақиқатқа- эволюциялық даму ғана ұлттың өркендеуіне мүмкіндік беретініне көзімізді жеткізді. Бұдан сабақ ала білмесек, тағы да тарихтың темір қақпанына түсеміз. Ендеше, эволюциялық даму қағидасы әрбір қазақстандықтың жеке басының дербес бағдарына айналуға тиіс», - деген ескертуі біз үшін өте маңызды.

Ұлттық сананы жетілдіру, рухани жаңғыру бағытында өткен тарихтың зұлмат кезеңдерін, революциялық өзгерістердің тек бүліншілікке әкелетінін қоғамның болашағы- жас буынның санасына құюымыз керек. Біздің жол тек эволюциялық, төңкеріссіз жол.

Қажымұрат Нәсиев

Қуғын- сүргіннің азалы тарихы



Астана 2018 жыл.